



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» ҚЕАҚ

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН НАО «ЕВРАЗИЙСКИЙ
НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА»

«ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАР: ТӘЖІРИБЕ, МӘСЕЛЕЛЕР, БОЛАШАҒЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ

КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ МАТЕРИАЛДАР

ЖИНАҒЫ

17 сәуір, 2024 жыл

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ

«ТРАНСВЕРСАЛЬНЫЕ НАВЫКИ: ОПЫТ, ПРОБЛЕМЫ, ПЕРСПЕКТИВЫ»

17 апреля, 2024 года



**АСТАНА
2024**

УДК 378
ББК 74.58
Т66

Асылбекова М.П

**«ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАР: ТӘЖІРИБЕ, МӘСЕЛЕЛЕР,
БОЛАШАҒЫ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

ISBN 978-601-337-983-8

Т66 «Болашақ мұғалімдердің трансверсалды дағдыларын дамытудың инновациялық моделін әзірлеу және енгізу (Финляндия, Эстония тәжірибесі негізінде)» тақырыбындағы 2022-2024 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру жобасы аясындағы «Трансверсалды дағдылар: тәжірибе, мәселелер, болашағы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. «Трансверсалды дағдылар: тәжірибе, мәселелер, болашағы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы (Астана қ., 17 сәуір, 2024ж.)/ М.П.Асылбекова.© Астана: “Булатов А.Ж.” ЖК, 2024., - 311б.

ISBN 978-601-337-983-8

Жинаққа Қазақстан және шетел ғалымдарының, ЖОО оқытушыларының мектеп мұғалімдерінің, студенттер, магистранттар, докторанттардың мақалалары енгізілген.

В сборник включены материалы международной научно-практической конференции «Трансверсальные навыки: опыт, проблемы, перспективы».

УДК 378
ББК 74.58

ISBN 978-601-337-983-8

© Астана: “Булатов А.Ж.” ЖК, 2024 -ISBN

Редакция алқасы:

Асылбекова М.П. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Сейітқазы П.Б. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Сламбекова Т.С. - педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.

МАЗМҰНЫ

№	Автор(лар), мақала тақырыбы	Беттер
Пленарлық мәжіліс		
1	Асылбекова М.П., Отарова Т.Н. Болашақ мұғалімдердің трансверсалды дағдыларын дамыту тәжірибесі	3
2	Mourat Tchoshanov Designing and studying stem learning in digital age via blended approach of engineering, learning sciences, and didactics	9
3	Ширбачеева Г.Ш. Педагогические вызовы современности: поиск новых подходов к образованию в социокультурной ситуации	12
4	Вахидова Л. В. Теория и технология профессионального развития педагога в контексте трансверсальности	15
5	Кожамкулова Г.Е. Интеграция трансверсальных навыков в содержание куррикулума» (на примере куррикулума Назарбаев Интеллектуальных школ)	20
6	Садикова Ш.А. Теоретико-методологические представления об образовательной среде и основаниях ее проектирования	25
7	Ахмедьянова А.Х. Демонстрация как инструмент оценки профессиональных и трансверсальных компетенций будущих педагогов	30
8	Санатбай П.А. Кәсіби даярлау үдерісінде Soft skills дағдыларын дамыту: шетел тәжірибесі	33
9	Шабаева Г. Ф., Яшина В. И., Чинаева З. М. Инновационная подготовка студентов в полилингвальной и цифровой профессиональной среде по дошкольному профилю в рамках речевого развития детей.	39
10	Baimuldinova G. Thriving in transition: how transversal skills support students in university socium	43
1 СЕКЦИЯ: ПЕДАГОГТЕРДІ ДАЙЫНДАУДАҒЫ ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАР: ШЕТЕЛДІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕ		
11	Сейітказы П.Б., Махмут Читиль, Ырымбаева Н.А. Медиабілім үдерісінде трансверсалды дағдыларды дамыту	51
12	Абильдина С.Қ., Мукушева А.Н., Дагарова Ж.У. Шағын жинақты бастауыш сынып оқушыларының трансверсалды дағдыларын дамытудың теориялық негіздері	55
13	Абдуллаева Н. М. Тенденции развития образования на современном этапе образовательного процесса	58
14	Абдуллаева Н. М., Шербачеева Л.С. Использование технологий 4К для стимулирования ученической мотивации	62
15	Сламбекова Т.С., Шакаримова К. К. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби имиджін қалыптастырудағы трансверсальды дағдылардың мүмкіндіктері	66
16	Есекешова М.Д., Тастанбекова Н.Д., Аубакиров А.К. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде білім алушылардың көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыру - басты міндет	72
17	Ботабаева А.Е., Ажибаева Р. Е. Болашақ педагогтердің трансверсалды дағдыларын қалыптастыруда онлайн оқыту платформаларын пайдаланудың маңыздылығы	77
18	Сейітказы П.Б., Кошанова М. Т. Медиа құзыреттілікті қалыптастырудың педагогикалық функциялары	81
19	Шаханова Э.А. Педагогикалық білімнің қолданылу ерекшеліктері	86

20	Otarova T. N., Zhanabaeva A.K. The importance of internet resources in learning	90
47	Молдабай А.М., Саурыкова Ж.М. Issues of terminology systematization»	190
48	Салкынбаева А.М. Тиімді оқыту және тәлімгерлік құпиялары	192
49	Тнимова Ю.М., Нурманалиева У.Т. Compound complex sentences in the english language	196
50	Seisebayeva B.T.,Tolkumbekova A. K. «E-learning as one of the forms of implementation of the learning process»	198
51	Seisebayeva B.T. Peculiarities of development of modern methods in foreign language teaching	202
52	Seitova Z.A. The study relevanceof future teachers’ social intelligence	207
53	Toregeldieva A. N., Tulebayeva S.K. Using a foreign language in information technology in modern conditions	212
54	Хасенқызы Т., Акрамова Ә.С. Білім беруді цифрландырудағы тәуекелдер	215
55	Аканова А. А., Искакова М. О. Оқытудың белсенді әдістері – сапалы білім беру негізі	221
56	Гайбуллаева С. С., Уалиева Н. Жастармен әлеуметтік педагогикалық жұмыстың ерекшеліктері	224
57	Калматаева А. М., Калымбетова Д. Ж. Церебральды сал ауруына шалдыққан балаларға арналған логопедиялық түзету жұмыстарының әдістемесі	229
58	Кошимбетова З. Д., Наурызбай Д. Б., Абдигаппарова А.Е. Вербализм вербальды балаларды диагностикалауға арналған тапсырмалар	233
59	Санбаева Б., Есенова К. Сравнительный анализ процессов социально-педагогической адаптации иностранных студентов в образовательных учреждениях Казахстана и Турции: вызовы, стратегии и перспективы»	235
60	Рсалы Г. М.Даярлық тобы балаларын мектепке дайындау мәселелері	243
61	Кәдірбай Ә. Б., Шамбулкерева Б.Н., Нұрхан Д. Е. Есту қабілеті бұзылған балалардың сөйлеу тілін дамыту жолдары мен әдіс-тәсілдері	247
62	Дарменова А.Е Цифрлану жағдайында білім алушылардың трансверсалды дағдыларын дамытудың маңыздылығы	252
63	Аликулова С. А., Болатқызы А. Аутизм – психикалық дамудың бұзылуы	257
64	Гайбуллаева С. С., Алыбай Ж. Жасөспірімдік агрессия – әлеуметтік-педагогикалық мәселе	261
65	Байқоңырова Ж. Балалардағы дизартрия бұзылысына жалпылама сипаттама	265
66	Ахметова Т.Ш. Интертеймент технологиясының заманауи білім берудегі маңызы	268
3 СЕКЦИЯ. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ БҮЙІНШІ МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ		
67	Сламбекова С.Т. Дарынды балалардың әлеуметтік - эмоционалды әл-ауқатын психологиялық қолдаудың ерекшеліктері	273
68	Ныгманбеков К. М. Педагогтердің кәсіби даму мониторингін зерделеу арқылы даму жоспарын әзірлеу	276
69	Мамыракина Ф. С. Тіл сабақтарында бастауыш сынып оқушыларының креативті жазылым дағдыларын дамыту»	280
70	Шаханова Э.А., Сманова Л.У. Влияние стиля воспитания на специфику семейных конфликтов в подростковом возрасте	290
71	Ыбырайқызы А., Нұғыманова Н. Ә. Ертегі - халық педагогикасының көне жауһары	297
72	Тусипжанов Б.А. Кемпіркосақ» бейнелеу өнері үйірмесі	301
73	Аханова А. К. Мағжанның маржан мұрасы	304

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫ ДАЯРЛАУДА ЦИФРЛЫҚ ЭТИКЕТТІҢ МАҢЫЗЫ

Исембаева Набат Жаксыгуловна

nabat_iseмбаeva@mail.ru

докторант

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Аңдатпа: Мақаланың өзектілігі болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттілігінің этикалық аспектілерін меңгеру қажеттілігімен байланысты. Болашақ педагогтардың үздіксіз дамуы үшін білім алмасудың үлкен әлеуеті бар, ол цифрлық ортада сәтті жүзеге асырылады. Цифрлық этикет білім алушылардың цифрлық ортада біліммен бөлісуге дайындығының көрсеткіші болып табылады. Зерттеушілердің еңбектерін талдауда болашақ педагогтардың қарым-қатынас мәдениетін дамыту және цифрлық ортада білім алмасуда олардың кәсіби біліктілігін арттыру мүмкіндіктерін көрсетеді.

Аннотация: Актуальность статьи связана с необходимостью освоения этических аспектов профессиональной компетентности будущих педагогов. Для непрерывного развития будущих педагогов существует большой потенциал обмена знаниями, который успешно реализуется в цифровой среде. Цифровой этикет является показателем готовности обучающихся делиться знаниями в цифровой среде. Анализ работ исследователей показывает возможности развития культуры общения будущих педагогов и повышения их профессиональной квалификации при обмене знаниями в цифровой среде.

Annotation: The relevance of the article is related to the need to master the ethical aspects of the professional competence of future teachers. For the continuous development of future teachers, there is great potential for knowledge exchange, which is successfully implemented in the digital environment. Digital etiquette is an indicator of students' willingness to share knowledge in a digital environment. An analysis of the researchers' works shows the possibilities of developing a culture of communication between future teachers and improving their professional qualifications when exchanging knowledge in the digital environment.

Кілт сөздер: болашақ педагог, кәсіби құзыреттілік, цифрлық орта, цифрлық этикет.

Ключевые слова: будущий педагог, профессиональная компетентность, цифровая среда, цифровой этикет.

Key words: future teacher, professional competence, digital environment, digital etiquette.

Цифрлық этика мәселелері қазіргі уақытта өзекті мәселенің бірі: оған әлемнің цифрлық кеңістікке толықтай енуі, цифрлық технологиялардың таралуы, қоғамда моральдық принциптердің қалыптасуына әсер ететін жеке байланыстардың азаюы негіз болады.

Цифрлық этиканың пайда болуы логикалық сипатқа ие: қазір біз екі әлемде өмір сүреміз – шынайы және виртуалды, шынайы кеңістікте қабылданған этика мен моральдың барлық ережелері виртуалды өзара әрекеттесуге соншалықты оңай ауыса бермейді.

Цифрлық технологиялар және ғаламтордың дамуымен цифрлық этика біздің өміріміздің маңызды құрамдас бөлігіне айналды. Мобильді құрылғыларды, әлеуметтік желілерді және ғаламторды пайдалану күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігі және біз бұрын қолданған ережелер мен қағидалар өзгеріп жатқанын көре отырып, жаңа шындыққа бейімделуіміз керек екенін түсінуіміз маңызды. Бұл әсіресе жоғарғы білім беру орынындағы білім кеңістігінде өте өзекті.

Цифрлық этика және этика кәсіби құзыреттіліктің ажырамас элементтері болып табылады. Цифрлық этика цифрлық технологиялар мен ғаламторды пайдалану кезінде ережелер мен жалпы принциптерді, соның ішінде қалай қарым-қатынас жасайтынымызды, цифрлық сәйкестендірулерімізді қалай қолданатынымызды және қандай ережелерді ұстанатынымызды қамтиды.

Білім беру жүйесі мен жалпы қоғам дамуының қазіргі кезеңінде болашақ педагогтардың психологиялық-педагогикалық білімін, коммуникативтік қасиеттерін ғана

емес, сонымен қатар кәсіби құзыреттіліктерін де жетілдіру қажет. Бұл барлық процестерді цифрландыру және цифрлық ортада педагогикалық іс-әрекеттерді құру жағдайында ерекше маңызды. Заманауи білім алушы цифрлық ресурстарды пайдалана отырып білім алуды және цифрлық ортада білімін кеңейту және әдістемелік идеялармен алмаса білуі қажет. Сонымен қатар, жедел мессенджерлердің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, қашықтықтан онлайн форматта жұмыс істей білуі керек. Болашақ педагогтың кәсіби іс-әрекетіне қажетті осы аспектілердің барлығы олардың жалпы мәдени деңгейін көтеру, цифрлық сауаттылық пен цифрлық қарым-қатынастың этикалық дағдыларын меңгеру қажеттілігін тудырады.

Қазіргі уақытта білім беру жүйесінде цифрландыру процестерін күшейту тенденциялары қарастырылған. Осыған байланысты болашақ педагогтардың цифрлық ортада білім алмасуға дайындығының көрсеткіші болып табылатын қарым-қатынас мәдениеті мен цифрлық этикет дағдыларын дамыту қажет.

Ғылыми зерттеулерді талдау цифрлық ортада педагогикалық коммуникацияларды енгізудің бар мүмкіндіктері мен тәуекелдерін көрсетеді. Көптеген зерттеушілер цифрлық технологияларды қолдану негізінде кәсіби құзыреттілікті арттырумен байланысты қарым-қатынас мәдениетін дамыту, сондай-ақ білім алудың онлайн мүмкіндіктерін пайдалану бағыттарын ұсынады.

Зерттеушілер болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттілігінің коммуникативтік жағының негізгі мәселелері бойынша білімді жаңарту, цифрлық ортада қарым-қатынас ерекшеліктерін анықтау және цифрлық этикет ережелерін меңгеру, білім алушылар арасында білім алмасу әдісін меңгеру, заманауи кәсіби коммуникациялар құрылған цифрлық платформаларды қолдану сияқты ойларын алға тартады. Айтылған идеялар цифрлық кеңістіктегі қарым-қатынас ауқымын кеңейтуде немесе болашақ педагогтардың цифрлық этикет туралы білімдерін дамытуға қатысты мәселелерді жаңартуда қолданылуы мүмкін [1].

Педагогикалық өзара әрекетті ұйымдастырудың әмбебап тәсілдері бар, олардың бірі қарым-қатынастың этикалық стандарттарын сақтау болып табылады, бұл болашақ педагогтардан цифрлық этикет ережелерін меңгеруді талап етеді. Болашақ педагогтың кәсіби дамуының маңызды шарты олардың біліммен алмасуға дайындығы болып табылады. Үздіксіз кәсіби дамудың заманауи форматы алатын ақпараттың пассивті формаларымен ғана емес, сонымен қатар олардың белсенділігімен, идеялармен, әдістемелік әзірлемелерімен бөлісуге дайындығымен байланысты. Бұл үшін ең қолайлы орта виртуалды орта болып табылады, ол басқа білім беру ұйымдарындағы, еліміздің әртүрлі аймақтарындағы білім алушылармен білім алмасу мүмкіндігін қамтиды. Дегенмен, мұндай ортадағы қарым-қатынас өте сауатты, мәдени, адамгершілік, кәсіби болуы керек.

Осыған байланысты болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың жаңа векторларын анықтау, олардың біліктілігін арттыру және цифрлық қарым-қатынаста цифрлық этикет негіздерін меңгеру қажеттілігі, болашақ педагогтардың цифрлық орта жағдайында білім алмасуға дайындығының көрсеткіштері бола алады.

Цифрлық этика – цифрлық ортадағы мінез-құлық нормаларының, ережелерінің және принциптерінің жиынтығы. Цифрлық этика ғаламторда және басқа цифрлық орталарда не істей алатынымызды және не істей алмайтынымызды түсінуге көмектеседі [2].

Цифрлық ортада өзін сенімді ұстайтын, әртүрлі фактілер мен құбылыстарға адекватты баға бере алатын, саналы түрде таңдау жасай алатын тұлғаны оқыту мен тәрбиелеу – қазіргі педагогиканың басты міндеттерінің бірі болмақ. Жаңа цифрлық технологияларды енгізу кезінде ықтимал тәуекелдерді азайту үшін цифрлық орта цифрлық этиканың өзіндік ерекше қағидаттарын қалыптастырады. Цифрлық этиканы меңгеру бізді цифрлық кеңістікте көп нәрселерден қорғайды:

ғаламтор қауіпсіздігі: цифрлық этика киберқауіптердің, алаяқтықтардың және вирустардың әртүрлі түрлерін ескере отырып, желіде қауіпсіз болуға көмектеседі. Интернет қауіпсіздігі ережелерін сақтау жеке деректерімізді қорғайды және бізді киберқауіптерден сақтайды;

адалдық және жауапкершілік: цифрлық этика бізді ғаламторда саналы және жауапты

пайдаланушылар болуға үйретеді. Мысалы, жалған жаңалықтар мен жалған ақпараттық ресурстарды тарату емес, авторлық құқықпен қорғалған материалдарды дұрыс пайдалану;

сөз бостандығын құрметтеу: цифрлық этика құрмет пен сөз бостандығына кепілдік береді, яғни ғаламтордағы әртүрлі пікірлерді құрметтеу керек. Сөз бостандығын құрметтеу – бұл басқалармен өзара әрекеттесуге және еркін және ашық қарым-қатынасты қамтамасыз етуге көмектесетін цифрлық этика қағидасы [3].

Сонымен қатар, цифрлық этика цифрлық қоғамда салауатты қарым-қатынастарды дамыту үшін қажет. Егер біз цифрлық этика ережелері мен қағидаттарын ұстанатын болсақ, біз барлық ғаламтор пайдаланушылары үшін қауіпсіз және жайлы орта жасай аламыз.

Цифрлық этика желіде басқалармен дұрыс қарым-қатынас жасауға көмектесетін принциптер жиынтығынан тұрады. Бұл принциптер цифрлық кеңістікте өзінді қауіпсіз және жайлы сезінуге, бір-біріне құрметпен сөйлесуге және жеке ақпараттарын қорғауға мүмкіндік береді.

Цифрлық этиканың принциптері:

Қауіпсіздік: жеке ақпаратыңызды қорғау және цифрлық өміріңізді қорғау өте маңызды.

Құпиялылық: басқалардың құпиялылығын құрметтеу және олардың деректерін рұқсатсыз қолданудан қорғау қажет.

Құрмет: ғаламтордағы басқа адамдардың құқықтарын, пікірлерін және шекараларын құрметтеу керек.

Сенімділік: тек тексерілген және шынайы ақпаратпен бөлісу керек.

Авторлық құқық: авторлық құқықтарды құрметтеу және оларды бұзбау немесе бұзатын мазмұнды жүктеп салмау немесе таратпау.

Жеке жауапкершілік: ғаламтордағы әрекеттеріңіз бен олардың салдары үшін жауапкершілікті алуыңыз керек [4].

Этикалық принциптерді сақтау цифрлық болашақты қауіпсіз және әділетті қамтамасыз етуге көмектеседі. Осылайша, цифрлық этикеттің жалпы принциптерін басшылыққа ала отырып, цифрлық кеңістіктегі өзара әрекеттесу процесінде мәдени ерекшеліктерді ескеру қажет; цифрлық этикет тек білім беру ортасына ғана емес, сонымен қатар ғаламдық цифрлық кеңістігіндегі өзара әрекеттестіктерге, өмірдің барлық салаларында құрметті цифрлық қарым-қатынасты нормаға айналдыру үшін қолданылуы керек.

Алдағы уақытта білім берудегі жаһандық өзгерістер жалғаса береді. Білім беруде цифрлық қызметтерді енгізу және кеңейту білім беру ортасын өзгертеді, сонымен қатар цифрлық әлемде қажетті білім беру нәтижелеріне, құзыреттер мен дағдыларға жаңа талаптарды тудырады. Бұл өзгерістер нақты этикалық мәселелермен бірге жүреді және білім алушыларға арналған ерекшеліктерді ескере отырып, білім беруде цифрлық этикеттің дамуын талап етеді. Сонымен қатар, мұндай ережелерді ЖОО студенттерінің оқу үдерісіне енгізу және цифрлық өзара әрекеттесу мәдениетін дамыту қажеттілігін тудырады.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Селиванова Е.А. Развитие представлений о цифровом этикете у современного педагога как фактора готовности к обмену знаниями в виртуальной среде // Казанский педагогический журнал №5, 2021. С.74-79 <https://doi.org/10.51379/KPJ.2021.149.5.009>

2. Ямщикова Е.Г. Проблема формирования сетевого этикета и профессионально-этических качеств педагогов в информационной среде / Е.Г. Ямщикова // Человек и образование. – 2017. – № 1(50). – С. 54-58.

3. Согомонов А.Ю. Цифровая этика для цифрового образования в цифровом мире // Ведомости прикладной этики. 2021. Выпуск 58. С. 17-30.

4. Литвинова С. А., Золочевская Е. Ю. Развитие цифровой этики в вузе как фактор успешной социокультурной адаптации иностранных студентов // Государственное и муниципальное управление. Ученые записки. 2023. № 2. С. 257-262. <https://doi.org/10.22394/2079-1690-2023-1-2-257-262>